



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

2018 жылдың 10 - 12 сәуірі аралығында
«Тараз-Болашақ» медициналық колледжі ЖШС
институционалдық стандарттарының талаптарына сәйкестігін
сыртқы сараптау комиссиясының бағалау

Тараз 2018

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ

Сыртқы сараптау комиссиясы

АРТА Аккредиттеу

Кеңесіне жіберілді



Аккредиттеу және рейтингтің
тәуелсіз агенттігі

**2018 жылдың 10 - 12 сәуірі аралығында
«Тараз-Болашақ» медициналық колледжі ЖШС
институционалдық стандарттарының талаптарына сәйкестігін
сыртқы сараптау комиссиясының бағалау есебі**

Тараз қаласы

«12» сәуір 2018 жыл

МАЗМҰНЫ

(I) БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР КЕСТЕСІ	3
(I) КІРІСПЕ.....	4
(II) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТ	5
(IV) СКС САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ	8
(V) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТАЦИЯ ПРОЦЕДУРАСЫНЫҢ СИПАТЫ	9
(VI) ИНСТИТУТТЫҚ АККРЕДИТАЦИЯ СТАНДАРТАРЫНА СӘЙКЕСТІК.....	9
6.1. «Миссия және стратегиялық мақсаттар»стандарты.....	9
6.2. «Әкімшілендіру және басқару» стандарты.....	11
6.3. «Білім беру бағдарламалары» стандарты.....	13
6.4. Стандарт «Оқытушылар»	14
6.5. «Білім алушылар»стандарты	15
6.6. «Материалдық-техникалық, ақпараттық және білім беру ресурстары»стандарты ...	17
(VII) ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША КҮШТІ ЖАҚТАРЫ ЖӘНЕ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІНЕ ШОЛУ.....	19
(VIII) САПАНЫ ЖАҚСARTU ҰСЫНЫСЫНА ШОЛУ	21
(IX) БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ТУ ҰСЫНЫСТАРЫНА ШОЛУ	21
1-ҚОСЫМША. «ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУДІ ЖҮРГІЗУ ПАРАМЕТРЛЕРІНІҢ» бағалау кестесі.....	22

(I) БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР КЕСТЕСІ

- МЖМБС - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
- ҚМА – Қорытынды мемлекеттік аттестация
- МҰ – Медициналық ұйым
- ТЖКБ – Техникалық және кәсіптік білім беру
- ОЖБ – Оқу жұмыс бағдарламасы
- ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары
- ҮОЖ – Үлгілік оқу жоспары
- ТОЖ – Типтік оқу жоспары
- КТП – Күнтізбелік тақырыптық жоспар
- СМЖ – сапа менеджменті жүйесі
- КП – Кәсіптік практика
- ОӘК – Оқу – әдістемелік кешен
- ПОӘК – Пәннің оқу – әдістемелік кешені
- ЦӘК – Циклдік әдістемелік комиссиясы
- ДК- Дербес компьютерлер
- АТО - Ақпараттық технологиялық орталық
- ПҚ-Педагогикалық құрам
- СЭЕН- Санитарлық - эпидемио эпидемиологиялық ережелер мен нормалар
- ФАП – Фельдшерлік-акушерлік пункті
- ӘЭП – Әлеуметтік-экономикалық пәндер
- ЖББП – Жалпы білім беретін пәндер
- ЖГП – Жалпы гуманитарлық пәндер
- ӨІТ-Өндірістік іс тәжірибе
- ББ – Білім беру бағдарламасы
- ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары

(I) КІРІСПЕ

2018 жылдың 10-12 сәуірі аралығында «Тараз-Болашақ» медициналық колледжінде институционалды аккредиттеу жөніндегі «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің» (АРТА) №18-18-ОД 28.02.2018жылғы бұйрығына сәйкес сыртқы сараптама комиссиясы жұмыс жасады. Ұсынылып отырған ССК есебі. «Мейіргер ісі» біліктілігі 0302033 «Жалпы іс тәжірибедегі мейірбике», 0301000 «Емдеу ісі» біліктілігінен 0301013 «Фельдшер», 0301023 «Акушер», 0305000 «Зертханалық диагностика» біліктілігінен 0305013 «Медицинадағы зертханашы» білім беру бағдарламаларының АРТА ұйымының критерийлері мен параметрлеріне сәйкестігін анықтап, білім беру бағдарламаларын одан әрі бейінді жетілдіруді қамтиды

Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы оқу орындарының өкілдері, жұмыс берушілер мен студент жастар атынан келген өкілдер кірді:

1. **Комиссия төрағасы** – Адылканова Асель Мадениетовна, «Шипагер» медициналық колледжінің директоры (Астана қаласы)
2. **Шетелдік сарапшы** – Байысова Гулзат Абиировна, Талас медицина колледжі (Қырғызстан Республикасы, Талас)
3. **Шетелдік сарапшы** – Тайиров Миталип Муратович, Баткен мемлекеттік университеті, физика-математика ғылымдарының докторы (Қырғызстан Республикасы, Бішкек қаласы)
4. **Эксперт** – Тұрғыналиева Анар Тұрсынбековна, «Шипагер» медициналық колледжі директордың іс-тәжірибе жөніндегі орынбасары (Астана қаласы)
5. **Эксперт** – Бекенбаева Сара Шакеновна, «Тараз мамандандырылған колледжі» мамандандырылған пәндер оқытушысы (Тараз қаласы)
6. **Эксперт** – Оспанова Марьям Нығметқызы –МҚКК «Көкшетау жоғарғы медициналық колледжі» «Зертханалық диагностика» бөлімінің басшысы, дәрігер-эпидемиолог, арнайы пәндер оқытушысы (Көкшетау қаласы)
7. **Жұмыс беруші** – Ахилбекова Жамиля Жұмабайқызы, №2 қалалық аурухана Врач акушер-гинеколог (Тараз қаласы)
8. **Студент** – Қыпшақбаев Ермек Алмасұлы, МҚКК «Жамбыл медициналық колледжі», «Емдеу ісі» мамандығы 3 курс студенті (Тараз қаласы)
9. **Агенттіктен бақылаушы** – Джакенова Алиса Сатбековна, Агенттіктің медициналық жобалар жетекшісі (Астана қаласы).

(II) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТ

«Тараз-Болашақ» медициналық колледжі ЖШС кәсіптік-техникалық білім беретін кәсіптік білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын, заңды тұлға мәртебесіне ие кәсіптік-техникалық білім беретін жекеменшік білім ордасы болып табылады.

«Болашақ» колледжі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 23.04.2004 жылғы № 353 бұйрығы бойынша өз жұмысын кәсіптік-гуманитарлық мамандықтар бойынша бастады. 19.04.2010 жылғы № 239 бұйрығы негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасынан «Болашақ» кәсіптік-гуманитарлық колледжіне келесі: 0301000 – «Емдеу ісі», 0302000 – «Медбикелік іс», 0303000 – «Гигиена және эпидемиология».

Жамбыл облыстық білім беру саласын бақылау департаменті 2013 жылғы 25 шілдеден бастап № 390 бұйрық бойынша лицензияға қосымша 0305000- «Зертханалық диагностика» мамандығы берілді. 11. 10. 2017 жылдан бастап колледж атауы «Тараз-Болашақ» медициналық колледжі ЖШС болып өзгертілді. Қазіргі таңда оқу орны өзінің білім беру қызметін ҚР БМЖС негізінде 3 мамандық бойынша іске асыруда:

Колледждегі оқыту «Емдеу ісі», «Медбикелік іс», «Зертханалық диагностика» мамандықтары бойынша ақылы түрде толық төлемақысымен жүзеге асырылады. Оқыту тілі – қазақ, орыс. 2017-2018 оқу жылында студенттер контингенті 1863 адамды құраса, оның ішінде 1543 адам қазақ тілінде, ал 299 адам орыс тілінде және 21 адам ағылшын тілінде дәріс алуда.

«Емдеу ісі» мамандық бойынша білім алушылар контингенті:

- 1 курс - 254
- 2 курс - 338
- 3 курс - 283
- 4 курс - 313

Аталмыш мамандықта барлық білім алушылар – 1188 студент. 2017-2018 оқу жылында «Фельдшер», «Акушер» біліктілігі бойынша – 313 түлек колледж бітіреді деп күтілуде.

Колледж жұмысын оқу-әдістемелік бірлестік (ОӘБ) және циклдік әдістемелік комиссияның (ЦӘК) жұмысы арқылы орта деңгейдегі білікті мамандар даярлау бағытында жүргізеді. Лицензиялық нормативтерді сақтау талдамасы (студенттер контингенті, оқытушылық құрам, оқу-әдістемелік материалдармен қамсыздандырылуы, материалдық-техникалық база жағдайы) олардың толық көлемде орындалып жатқанын көрсетті. Колледжде студенттерді оқытатын арнайы заманауи технологиялармен және білім сапасы мониторингімен жабдықталған симуляциялық орталық құрылған.

«Емдеу ісі» мамандығы бойынша өндірістік іс – тәжірбиеден өтуге «Жамбыл облыстық ауруханасы», Жамбыл облыстық балалар ауруханасы», Жамбыл облыстық перинатальды орталық», «№1 қалалық балалар ауруханасымен» 2017-2018 оқу жылына келісімшарт жасалған.

Колледж өзінің 4 қабатты жалпы көлемі 7123,6 ш.м., 4 қабатты жекеменшіктегі ғимараты бар. Оның 5946,2 ш.м оқу корпусы мен медициналық орталық алып жатыр, қалған 185,4 ш.м әр студентке шаққанда 3,06 кв.м. құрайтын оқу үрдісін ұйымдастыруға арналған қосымша оқу корпусы, 239,4 ш.м 145 орындық (кесте 18) акт залы, 242 ш.м. спорт залы, оның ішінде 65, 7 ш.м. гимнастика залы, спорттық құрылғылармен жабдықталған тренажер залы 88,5 ш.м, 300 ш.м. құрайтын жазғы спорт алаңы және де 40 орындық асхана, санитарлық талаптарға сай, техникалық қауіпсіздік ережелері сақталған 72 орындық жатақхана орналасқан.

Оқытушылар мен студенттерге медициналық қызмет 15.04.2016 жылғы ескертуімен №16006418 нөмірлі лицензиясы бар медициналық орталықта көрсетіледі. Медициналық орталықта 14 маманның қабылдауы жүргізіледі, оның ішіне ЖТД та кіреді.

Флюоро, ЭКГ, УДЗ, сонымен қатар ЛФК-уқалау, дәрігердің алдын ала тексеру, қарау, ем-шара кабинеттері, клиникалық және биохимиялық зертханалар, 5 орындық күндізгі стационар жұмыс жасайды. Барлығы АМСП жабдықтау минималды стандартына сай жабдықталған 30 кабинет. Колледжде жоғарғы талаптармен симуляциялық орталық жұмыс жасайды. Симуляциялық орталықтың жұмысы 10 кабинетте видеоқұрылғымен бақыланады. «Тараз-Болашақ» медициналық колледжі оқу үрдісіне ақпараттық технологияларды енгізу бойынша тынымсыз жұмыс жүргізуде. Колледжде WI-FI жүйесі орнатылып, жалпы локалдық сымдық желі құрылған.

Колледжде жоғары жылдамдықтағы интернет желісіне қосылған 3 компьютер аудиториясы бар. Жалпы білім беру, кәсіби және арнайы пәндер бойынша сабақтар өткізуге қолдану үшін 9 интерактивті тақта бөлінген. Колледж оқытушылары, қызметкерлері және студенттер үшін Интернет желісіне қосылуға барлық жағдай жасалған. Колледждің барлық компьютерлері локалдық желіге қосылып, 4МБ/с. жылдамдықтағы кең жолақты Интернет канал арқылы, сонымен қатар сымсыз Интернетке қосылу үшін арнайы WI-FI жүйесі бойынша жеке Интернет канал орнатылған.

Қазіргі таңда кітапханалық үрдісті кешенді автоматтандыру және электрондық каталогтар құру үшін колледжде кітапхана қорын автоматтандыруға мүмкіндік беретін «RWБИС» бағдарламасы енгізілген.

Колледж аттестаттауы Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің 06.05.2016 жылғы №207 бұйрығымен бекітілген. Колледж Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі саласындағы бақылау бойынша Департаментінің 10.10.2010 жылғы № 140 бұйрығымен ҚР білім заңнамасын және білім беру қызметін лицензиялау ережелерін сақтау бойынша жоспарлы тексеруді табысты өтті.

Колледждің соңғы аттестаттауы 2015-2016 оқу жылында ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы №1270 «Білім беру ұйымдарындағы мемлекеттік аттестаттау Ережелерін бекіту туралы» қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Медициналық қызметті бақылау комитеті төрағасының 2016 жылғы 22 сәуірдегі №190 ««Тараз «Болашақ» колледжі жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік аттестаттаудан өткізу туралы» бұйрығымен өткен. Колледж 5 жыл мерзімге аттестатталған.

Кесте 1. «Тараз-Болашақ» медициналық колледжі ЖШС мамандықтар тізбесі

№	Мамандық шифры	Мамандық атауы
1	0301000	Емдеу ісі
2	0302000	Медбике ісі
3	0305000	Лабораториялық диагностика

Колледждегі оқыту «Емдеу ісі», «Медбике ісі», «Лабораториялық диагностика» мамандықтары бойынша ақылы түрде толық төлемақысымен жүзеге асырылады. Оқыту тілі – қазақ, орыс. 2017-2018 оқу жылында студенттер контингенті 1863 адамды құраса, оның ішінде 1543 адам қазақ тілінде, ал 299 адам орыс тілінде және 21 адам ағылшын тілінде дәріс алуға.

Қазіргі уақытта колледжде оқу үрдісін 89 оқытушы құрайды, оның ішінде 67 қызметкер (91%), сырттай жұмыс істейтін қызметкерлер (6 (8%)) және жоғары білімі бар. Оның ішінде PhD - 1, медицина ғылымдарының докторы - 2, магистр - 9, жоғары біліктілік санаты бар -22 мұғалім, бірінші біліктілік санаты бар - 5, екінші - 35, категориясыз - 22 мұғалім. Колледж оқытушылары арасында педагогтар: Асқаров П.А. - физика-математика ғылымдарының кандидаты, т.ғ.д., Саурбаев Т.К. - медицина ғылымдарының кандидаты, Жексембинова А.К. - пед. доктор Phd. және псих., Жошыбеков С.Д., Ордабеков С.О. - медицина ғылымдарының докторы.

1 кесте - түлектердің мамандық бойынша жұмыспен қамтылуы

Оқу жылы	Түлек саны			Жұмысқа орналасқандардың саны			Жұмысқа орналасу көрсеткіші	Келген жерге орналасуы	Место для формирования Аймақ / облыс
	Барлығы	грант	Ақылы негізде	Барлығы	Грант	Ақылы негізде			
0301000 «Емдеу ісі»									
2014/2015	229		229	162		162	70,74	-	-
2015/2016	262		262	262		184	70,22		
2016/2017	287		287	203		203	70,73		
0302000 «Мейірбике ісі»									
2014/2015	57		57	41		41	72,0		
2015/2016	67		67	48		48	71,64		
2016/2017	77		77	55		55	71,42		
0305000 «Лабораториялық диагностика»									
2016/2017	14		14			1	71,42		

Ғылыми-зерттеу жобалары

Медициналық колледжде академиялық, ғылыми-зерттеу, клиникалық және басқарма салаларындағы оқытушыларымыздың танылуы және сыйақыға байланысты, оқытушылардың белсенділігін арттыру мақсатында барлық жағдайлар жасалған. Колледжде қалыптасқан ғылыми-зерттеме жүйесі білікті маман дайындауда, мамандардың профессионалдық және қоғамдық мәселерді жеке және бірлесе отырып шығармашылық жолдармен шешуде, практикада ғылыми-техникалық дамуда қолдануда ерекше орын алады.

2012-2013 оқу жылдарынан бастап колледжде қоғамдық-ғылыми «Интеллект» орталығы бар.

Қоғамдық-ғылыми «Интеллект» орталығының оқытушылары ғылыми жұмыстарды оқушылармен бірге зерттейді. Екі түрлі ғылыми-зерттеулер жүргізілді: ғылыми-информациялық жобалар және ғылыми-зерттеу жобалары.

Колледждегі ғылыми-зерттеулік жұмыстар 3 кезеңмен жүргізіледі:

- ✓ бірінші кезең - оқу барысында оқушының зерттеу жұмысына дайындалуы
- ✓ екінші кезең – мамандық бойынша практика, практика біткеннен кейін оқушы жасалған жұмыс жайында баяндама жазады.

- ✓ үшінші кезең - зерттеу тақырыбының қорытынды жұмысқа дайындық барысында дайындалуы.

2012-2013 оқу жылында ғылыми орталықта оқытушы Тобаджанов Р. басқарды және 6 оқытушы мен 12 оқушы ғылыми жұмыстар жасады, 2013-2014 оқу жылында ғылыми орталықта оқытушы Аликулова У. басқарды және 7 оқытушы мен 7 оқушы ғылыми жұмыстарды жасады, 2014-2015 оқу жылында ғылыми орталықты оқытушы Дүйсебаева А. басқарды және 10 оқытушы мен 10 оқушы ғылыми жұмыстарды жасады. Сол секілді 2015-2016 оқу жылында ғылыми орталықты оқытушы Дүйсебаева А. басқарды және 10 оқытушы мен 10 оқушы ғылыми жұмыстарды жасады, 2016-2017 оқу жылында ғылыми орталықты оқытушы Қосаумас А. басқарды және 8 оқытушы мен 8 оқушы ғылыми жұмыстарды жасады, 2017-2018 оқу жылында ғылыми орталықты оқытушы Қалиева А. басқарды және 8 оқытушы мен 8 оқушы ғылыми жұмыстар жасалуда.

(IV) СКС САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

СКС жұмысы 2018 жылдың 10 сәуір мен 12 сәуір аралығында, сарапшы комиссия сапары бағдарламасы аясындағы ЖШС «Тараз-Болашак» медициналық колледжіндегі білім бағдарламаларының институттық және мамандырылған аккредитациясы барысында орындалды.

Білім бағдарламаларының сапасы және колледж инфрақұрылымы туралы объективті ақпарат алу, өзін-өзі бағалау баяндамаларын нақтылау мақсатында келесі кездесулер ұйымдастырылды: директормен, оқу жөніндегі директор орынбасарымен, тәрбие жөніндегі директор орынбасарымен, ОӨЖ жөніндегі директор орынбасарымен, кадр бөлімінің басшысымен, ЦМК меңгерушісімен, бөлім меңгерушісімен, методистпен, бас бухгалтермен, оқытушылармен, оқушылармен, түлектермен, жұмыс берушілермен және оқушылардың ата-аналарымен. Бірінші кластер кездесулеріне барлығы 259 адам қатысты.

2 кесте - кездесушілер саны және лауазымы жайында мәлімет

<i>Қатысушы категориясы</i>	<i>Саны</i>
Директор	1
Директордың орынбасарлары	4
Бөлімше меңгерушілері	9
Бас бухгалтер	1
Кадр бөлімі басшысы	1
Оқытушылар	72
Оқушылар	135
Түлектер	24
Жұмыс берушілер, қоғамдық серіктестер	12
Оқушылар ата-аналары	
Барлығы	259

1. СКС жұмысы барысында колледж инфрақұрылымының визуалдық тексерілуі өткізілді: оқу аудиториялары, компьютер класстары, кітапхана, оқу залы, жаттығу залы, медициналық пункт, тамақтану пункті, доклинака практикалық кабинеті, лингафон кабинеті. Оқушыларды үйрету үшін колледжде симуляциялық орталық жасалған. Бұл орталық білім сапасын мониторингтеу үшін заманауи технологиялармен жабдықталған. Орталықта видео-бақылаулы 10 кабинет бар. Сонымен қатар аккредиттелетін білім бағдарламаларын жүргізетін циклдық методикалық комиссияларының документациясы тексерілді. Аккредиттелетін білім бағдарламаларының практикалық базалары да қаралды.

2. Оқулық, өндірістік және профессионалдық практика жүргізу мақсатында Тараз қаласының 17 емдік-профилактикалық организация жетекшілерімен келесім-шарт жасалды. Базалық МО-лармен тығыз байланыс орнатылды. Медициналық білім саласындағы қоғамдық серіктестік кадрлардың жұмыс берушілердің талаптарына сай дайындау, МО-лармен байланысты нығайту мақсатында құрылды. Медициналық организациялармен байланысты нығайту мақсатында келесі жұмыстар жасалуда: білікті маман дайындығын болжамдау, оқу орнымен МО ара қатынасын жетілдіру. Практикада қалыптасқан тәжірибеде оқушының шын жұмыс орнында практикалық білім алуы, жұмыс берушілердің аттестацияға қатысуы, іс-шараларды бірге ұйымдастыру, мектеп оқушыларымен және ата-аналарымен кездесу, колледж экскурсияларын ұйымдастыру, мамандықпен танысу жиі қолданылады.

Базалық МО-ларда сапалы практика өткізу үшін керекті жағдайлар жасалған, 10 оқу бөлмесі бөлінген: ШЖҚ «Жамбыл облысының перенаталдық орталығы» МКК - 2 оқу аудиториялары, ШЖҚ «Жамбыл облыстық ауруханасы» МКК - 2 оқу аудиториялары, ШЖҚ «Қалалық балалар ауруханасы» МКК -1 оқу аудиториясы, ШЖҚ «Жамбыл облыстық балалар ауруханасы» МКК 2 оқу аудиториялары, ЖШС «Кардиохирургия және

трансплантология ғылыми-клиникалық орталығы»- 1 оқу аудиториясы, ШЖҚ «Жамбыл облысының ұлттық экспертиза орталығы» РМК -1 оқу аудиториясы, ШЖҚ «Жамбыл облыстық балалар инфекциялық ауруханасы» МКК - 1 оқу аудиториясы. Сонымен қатар эксперттер оқу кабинеттерінің заманауи техникалық жабдықтармен (манекен, жаттығу жабдықтары) қамтамасыз етілгенін айтты, оқушылар процедуралық кабинеттерге, байлау бөлмелеріне, лабораторияларға және босану бөлмелеріне кіре алады. Практикалық базаны қарау барысында емдік бөлімінің 3-ші курс оқушыларының клиникалық практиканы өткендеріне дәлелдер көрсетілді, группа 3 кішігірім группаларға бөлінді, әр кіші группада 10 адам болды, 3 кіші группа әр түрлі практикалық базаларда болды.

СКС мүшелерімен бас дәрігерлер, бас медбикелер, бөлім меңгерушілер, белгілі дисциплина оқытушылары кездесті, кездесу барысында жұмыс берушілердің оқушылардың және түлектердің біліміне қанағатты екені анықталды, көрсетілген МО администрациялары ЖШС «Тараз-Болашак» колледжімен тығыз байланыста жұмыс жасауда. СКС мүшелері ШЖҚ «Жамбыл облысының ұлттық экспертиза орталығы» РМК-ны барып, «Тараз-Болашак» медициналық колледжімен тығыз байланыста жұмыс жасайтын «Еңбек және коммуналды гигиена» лабораториясының меңгерушісі Аблелова Б.А-мен кездесті. Кездесу барысында лаборатория жұмысшылары колледж оқушыларымен жұмыс орнында практикалық сабақ өткізетіні, білім бағдарламаны орындауға белсенді қатысатындары, білімгерлердің білімін бағалауға қатысатыны анықталды. Сапар барысында орталықта «Лабораториялық диагностика» мамандығының 4-ші курстарының «Санитарлық-гигиеналық зерттеулердің техникаларымен гигиена» сабағы өтіп жатқан. Базалық МО-лардың әр түрлі бөлімшелеріндегі персоналдың 30 % ЖШС «Тараз-Болашак» медициналық колледжінің түлектері екені анықталды. Өндірістік практика барысында колледж директорының және МО жетекшісі бұйрығымен жетекшілер тағайындалады.

Дуальды білімнің енгізілген элементтері емдеу базаларының оқу процессінің белсенді және толық құқықты қатысушысы болуына, білімнің мазмұнына әсер етуге мүмкіндік береді, ал колледж болса халыққа медициналық қызмет көрсетуге ықпалын тигізуге мүмкіндікке ие болады.

Түрлі бөлімдерде табысты жұмыс істейтін түлектермен (24 адам) интервью өткізілді. Түлектердің ЖШС «Тараз-Болашак» медициналық колледж мұғалімдеріне және алған білім және практикалық тәжірибе сапасына алғыстары шексіз.

СКС мүшелері «Микробиология, вирусологиядағы микробиологиялық зерттеулер техникалары», «Биология», «Мейірікке ісінің негіздері», «Анатомия», «Химия», тәрбиелік іс-шара «Руханижанғыру – мәңгілік ел Қазақстан» сабақтарының теоретикалық және практикалық сабақтарына қатысты. Сабақтарға қатысу анализі оқытушылардың өздері жасаған сабақтық және күнтізбе-тематикалық жоспарларын, бекітілген жұмыс жоспарларын, ОМК, белсенді АКТ қолданатындарын көрсетті. Барлық қатысылған сабақтар жетерлікті методикалық деңгейде өткізілді.

(V) АЛДЫҒЫ АККРЕДИТАЦИЯ ПРОЦЕДУРАСЫНЫҢ СИПАТЫ

Бұрын оқу орнында аккредитация жүргізілмеген.

(VI) ИНСТИТУТТЫҚ АККРЕДИТАЦИЯ СТАНДАРТАРЫНА СӘЙКЕСТІК

6.1. «Миссия және стратегиялық мақсаттар» стандарты

Дәлелді бөлігі

Колледж инновациялық оқыту технологиясын енгізу арқылы жоғары сапалы білім беру қызметтерін ұсынады.

Көрініс: Кәсіби құзыретті, бәсекеге қабілетті мамандар дайындауда алдыңғы қатарлы колледж қатарына ену.

Өзінің **миссиясын** колледж «Білім беру үрдісіне сай кәсіби құзыретті, бәсекеге қабілетті маман даярлау» деп анықтайды.

- Студенттер мен олардың ата-аналарының, жұмыс берушілердің, қоғам мен мемлекеттің талаптарына және үміттеріне сай сапалы білім беру қызметтерін ұсыну;

- Кәсіби-құзыретті, бәсекеге қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын мамандар дайындау;

- Оқу үрдісіне инновациялық технологиялар мен білімді бақылау әдістерін енгізу;

- Адами құндылықтарды білім сапасын арттыру, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау арқылы дамыту;

- Колледж түлектерін жұмысқа орналастыру көрсеткішін көтеру;

- Білім беру жүйесін білікті кадрлармен, білікті медициналық мамандармен қамтамасыз ету.

Стратегиялық мақсат: «Кәсіби-құзыретті, бәсекеге қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын мамандар дайындау. Білім беру жүйесін білікті медициналық мамандармен қамтамасыз ету. Оқу үрдісіне инновациялық технологиялар мен білімді бақылау әдістерін енгізу.

Миссия, мақсаттар мен колледждің дамуын анықтау негізінде, 2011-2020 жылдарға Мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасының, 2020 жылға дейінгі ҚР дамуының Стратегиялық жоспарының, 2020 жылға дейінгі мейірбике ісінің комплекстік даму жоспарының, Қазақстан Республикасының Президенті ұлт лидері Н.Ә. Назарбаевтың халыққа «Қазақстан-2050» даму стратегиясы» жолдауы алынған.

Колледж миссиясы және пайымдауы, қабылданатын жаңа бағдарламалық құжаттар мен жыл сайынғы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауын ескере отырып түзетіледі.

Миссияны жүзеге асыру колледждің нық инновациялық ұстанымдары бар моделін жасау және бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға бағытталған. Колледждің миссиясы, мақсаттары мен міндеттері педагогикалық кеңесінің отырысында даму Стратегиясы шеңберінде талқыланып бекітілді (Протокол № 3, 01.09.2016ж.)

Стратегиялық жоспардың орындалуы процесс иелері тарапынан жүргізіледі, жоспардың орындалуы жыл сайын бақыланады және талданады. Колледждің құрылымдық бөлімшелері, көмекші қызметтер, миссияны негізге ала отырып, өз қызметін үнемі жетілдіріп студенттік кеңес қызметін жандандырады. Колледждің әрбір құрылымдық бөлімшесінің, және қосалқы қызметтерінің лауазымды нұсқаулықтары бар.

Құрылымдық бөлімшелер Директоратта қаралып бекітілген оқу жылына сәйкес колледждің 2014-2019 (01.07.2014ж.) жылдарға арналған даму Бағдарламасының жоспары бойынша жұмыс істейді. Жоспардың орындалуын бөлімшелерінің басшылары үздіксіз жетілдіру мақсатында бақылайды. Колледждің қызметін басқару төмендегідей кезеңдерде жүзеге асырылады:

- жедел басқару – апта сайын директордың жанындағы кеңестерін жүргізу;

- стратегиялық басқару – әдістемелік және педагогикалық кеңестер, кураторлар кеңесін өткізу.

Педагогикалық колледж ұжымы, МЖМБС, миссия, стратегиялық жоспар негізінде, білім беру қызметтерін бәсекеге қабілеттілігінің өсу үшін оқу орнының өндірілген стратегиясына сәйкес мақсат мен міндеттер қояды.

Колледждің тұжырымдалған миссиясы, пайымы мен стратегиясы, колледждің толық даралық және бірегейлігін көрсетеді.

Сонымен қатар, педагогикалық кадрлар сауалнамасына 77 адам қатысып (жалпы ОЖБ санының 86.5%) колледжінің осы Стандартқа жоғары деңгейдегі сәйкестігін көрсетті.

Осылайша, мысалы, олардың пікірінше колледж миссиясының оқу бағдарламаларында көрінісі, жақсы деңгейде (100%); педагогтардың басқарушылық және стратегиялық шешімдер қабылдау процесіне қатысуы 100%.

Аналитикалық бөлігі

Колледж қызметін осы стандартқа сәйкестігін талдай отырып, бұл колледж-жоғары оқытудың инновациялық технологияларын енгізе отырып, сапалы білім беру қызметтерін ұсынатыны жайында қорытынды жасауға болады. Мәлімделген миссиясы стратегиялық жоспарға сәйкес, колледж білім беру қызметтерін көрсетуде табысты жұмыс істеуде, мүдделі тараптардың тілек-талабын қанағаттандыруда.

Сонымен қатар, бұл кезде колледж миссиясын, мақсаттарын, міндеттерін, жобасын дайындау кезінде, жұмыс тобының мүшелері колледж қызметінің негізгі нәтижелерін, колледждің соңғы жылдардағы жай-күйін және даму үрдісін анықтау, сондай-ақ табыстар мен кемшіліктердің себептерін анықтау мақсатында талдады.

✓ Күшті жақтары/үздік тәжірибесі:

✓ Медициналық колледждің миссия және стратегиялық мақсаттары колледждің қолда

бар ресурстары мен мүмкіндіктеріне, және еңбек нарығының талаптарына сай.

✓ Медициналық колледж миссиясының және стратегиялық мақсаттарының даралығы мен бірегейлігін көрсетеді.

✓ Ұйым жүйелі түрде өз қызметі туралы ақпаратты жинайды, жинақтайды және талдайды, барлық бағыттар бойынша әзірлеу және енгізу процестерін өлшеу негізінде өзін-өзі бағалауын өткізеді, жеке стратегиясын "нәтижелілік" және "тиімділік" сияқты көрсеткіштер арқылы бағалайды».

ССК критерийлері бойынша қорытындылар (күшті / қанағаттанарлық/ жақсарту керек / қанағаттанғысыз)

Ұйымның Стандарт критерийлеріне сәйкестігін көрсететін сандық көрсеткіштер мынадай:

***Күшті – 15, қанағаттанарлық – 0,
жақсарту керек – 0, қанағаттанғысыз - 0***

6.2. «Әкімшілендіру және басқару» стандарты

Дәлелдеу бөлігі

«Тараз-Болашақ» медициналық колледжінің өзінің белгілі бір басқару жүйесі бар – ұйымдық, функционалдық және штаттық құрылымдар - алдына қойған миссиясы мен стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді және оқыту ортасын қолдайды.

Колледждің қызметі басшылық жұмысына негізделеді, шешімдер сенімді деректерді талдау арқылы қабылданады. Колледждің штаттық құрылымын басқару бөлімшелер құрамын және лауазымдар тізбесі анықтайды. Колледжді Басқару ҚР "білім туралы" Заңына (13.02.2012 ж. өзгертулер мен толықтырулармен қатар), нормативтік-құқықтық құжаттарға, ҚР БҒМ, колледж Жарғысы мен ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Колледждегі басқару әдістерінің бірі қызметкерлерді басқаруға тарту болып табылады, ол колледжде алқалы басқару органдарының құрылуына негізделеді, орган оқу орнының белгілі бір қызмет салалары бойынша өкілетті шешім қабылдайды. Алқалық басқару органдары жоспарлау, мониторинг және колледж білім жүйесін жетілдіруге қатысады. Осы мақсатта жұмыс регламентіне сәйкес жүйелі түрде, колледж қызметінің түрлі бағыттары бойынша сұрақтарды қарайтын отырыстар өтеді, колледжді жақсарту жолдары талқыланады, процестерді жетілдіру бойынша жауаптылар тағайындалады және

орындалу мерзімі келісіледі. Қабылданған барлық шешімдер протоколға енгізіледі.

Колледж қызметін жетілдіру, кем-кетіктерді анықтап жою, оқу-тәрбие резервін іздеу мақсатында колледж ішінде тексеру жүреді. Бақылау бірыңғай жоспар және әдістемелік негізде жүзеге асырылады, құрылымдық бөлімшелерінің, оқытушылар мен студенттердің қызметін қамтиды. Құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері өз жұмысында, ішкі тәртіп ережелері және колледж директорының бұйрықтарын есепке алады.

Сарапшылар тобы ұйымдық құрылымның икемділігін атап өтті. Бұл өз кезегінде колледжге сыртқы өзгерістерге орай тез өзгеруге, мүмкіндік береді.

Қаржы ресурстарын басқару үрдістерінің тиімділігін бағалап, миссияға сүйене отырып, сарапшылар колледждің тұрақты рентабельділігі колледж өміршеңдігі, қаржылық және жеке ресурстарға қатысты басқару процестерінің жақсы деңгейде екенін атап өтті.

ССК сапары аясында өткізілген педагогикалық кадрларының сауалнама нәтижелері, осы Стандарт бойынша қанағаттандырылды:

- сіздің әкімшілігі тарапынан табыстар мен жетістіктер – 100% қанағаттандырылды;
- колледж әкімшілігінің қызметі 100 % қанағаттандырылды;
- басқаруға қатысты 100% қанағаттандырылды;
- колледж басшылығы және әкімшілігінің сын қабылдауы – 100% қанағаттандырылды;
- ЖРБ кері байланысы 100% қанағаттандырылды,

Білім алушылар сауалнамасына 111 адам қатысты (16,8 % жалпы санынан), және олар колледждің Стандарттар критерийларына сәйкестігіне оң баға берді.

Мысалы, колледж оқытушаларының оқу процесіне байланысты кері байланысына 100% қатысушы оң баға берді.

- «Мамандықты сәтті аяқтау үшін ақпараттандырумен» толық қанағаттандырылды 100%
- Колледж басшылығының қолжетімділігіне толық қанағаттандырылды 100% .

Аналитикалық бөлігі

ССК сарапшыларының айтуы бойынша ЖШС «Тараз-Болашақ» медициналық колледжінің белгілі бір басқару жүйесі бар. Бұл жүйе басшылықтың көшбасшылығына негізделеді, білім алуға қолайлы жағдайлар жасалады.

Күшті жақтары/үздік тәжірибесі

- Ұйым көрсеткіштері:
- ✓ Ұйымдық құрылым мен құжаттардың оның жұмыс істеуіне және өз миссиясы мен даму стратегиясына сәйкестігі;
 - ✓ СМЖ сертификатының болуы және оны үнемі жақсарту.
 - ✓ оқытушылар, қызметкерлер мен білім алушылардың қажеттіліктерінің басқару жүйесі арқылы қанағаттануы
 - ✓ Тиімді қаржылық есептілік механизмі, қаржы қабылдаудың және қаражат бөлу механизмі, сондай-ақ қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігін бағалау механизмі
 - ✓ Басшылар мен әкімшіліктің білім алушыларға, оқытушыларға мен ата-аналарға ашықтығы мен қолжетімділігіне дәлелдемелер.

ССК критерийлері бойынша қорытындылар (күшті/ қанағаттанарлық/ болжайды жақсарту/ қанағаттанғысыз)

Жалпы берілген стандарт бойынша мекеме қызметі Стандарт критерийлеріне сай. Ұйымның Стандарт критерийлеріне сәйкестігін көрсететін сандық көрсеткіштер мынадай:

**Күшті – 13, қанағаттанарлық – 0,
жақсарту керек – 0, қанағаттанғысыз - 0**

6.3. «Білім беру бағдарламалары» стандарты

Дәлелдеу бөлігі

Білім беру бағдарламасының мамандықтары бойынша мазмұны МЖМББС талаптарына сәйкес және пәндердің логикалық реттілігіне сай. Жұмыс бағдарламаларын жасау кезінде пәндердегі сабақтастық қағидаты байқалады. Кәсіптік практика бойынша бағдарламаларды құрастыру және келісу әлеуметтік әріптестер өкілдерінің қатысуымен әдістемелік кеңесінің отырыстарында жүреді.

Өндірістік оқыту, кәсіптік практика өту үшін, медициналық ұйымдар арасынан 17 әлеуметтік серіктестермен екі жақты келісім шарт жасалған. Директордың өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары практикадан өту сапасына мониторинг жүргізеді. Колледжде кәсіби даярлауға ерекше назар аударылады: дәрістер, практикалық сабақтар, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, өндірістік оқыту, кәсіптік практика. Оқушылар практикасының түрлері: оқу практикасы, оқу өндірістік оқыту және кәсіптік практика.

ОБ-ның колледж миссиясына сәйкестігі туралы қорытындыларды колледж басшылығы білім алушылардың сұранымы және колледж түлектерінің жұмыс берушілерінің пікірлерінің негізінде жасайды.

СКС сапары барысында өткізілген оқытушылар сауалнамасы көрсеткендей:

- ОБ мазмұнымен: 100 % респондент қанағаттанған; өте жақсы –93,5% респондент, жақсы – 6,5 %;
- ОБ мазмұнына деген басшылық назарымен 100% респондент қанағаттанған;
- студенттердің колледжде алатын білімі, сай еңбек нарығының болмысының талаптарына сай 100% респондент пікірі бойынша;
- жағдайды талдауды қалыптастырумен қатар білім алушылардың болжам жасауы 100% респондент қанағаттандырылды.

Аналитикалық бөлігі

Дәлелдеме базасын талдап және анализ жасай отырып ССК сарапшылары келесі қорытынды жасайды, ОБ МЖМСБ-ға сай жасалған, оқу жоспары логикалық құрылымға сай, түлектердің күткен көрсеткіштеріне жетулеріне сай оқу бағдарламасы сәйкестелген. Білім бағдарламасы мүдделі тұлғалармен есептесе отырып, сыртқы және ішкі ортаны талдай отырып, оқушылар мен оқытушылардың қанағаттануын ескеріп қолжетімді және керекті ресурстарды талдай отырып құралған.

Күшті жақтары/үздік тәжірибесі

- ✓ Медициналық колледж мүдделі тұлғалармен есептесе отырып ОБ-ның жаңартуын қамтамасыз етеді.
- ✓ Медициналық колледж оқушылардың денсаулық сақтаудағы пациенттермен байланысын қамтамасыз етеді.
- ✓ Педагогикалық ұжым және жұмыс берушілер білім бағдарламалырымен басқаруға және олардың сапасын көтеруге атсалысады
- ✓ ОБ құрылымы түрлі қызметтерді қарастырып білімгерлердің жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып кәсіби құзыреттерінің дамуына үлес қосады.
- ✓ Қолданылатын оқу құралдар және бағдарламалық құралдар медициналық мекемелердегі құралдарға ұқсас.
- ✓ Арнайы пәндерді жүргізу үшін және практикалық білім алу үшін мекеме штатына практикалық тәжірибесі бар мамандар алынады. 13 маманның 12-сі (92,3%) практикалық тәжірибесі бар мамандар.
- ✓ Мекеме білімгерлерге тең мүмкіндік береді, оның ішінде оқу тіліне тәуелсіз.
- ✓ Мекеме білімгерлердің базалық және профессионалдық құзыретін қалыптастырады.
- ✓ Дағдылар мен білім қалыптастырады.

ССК ұсынысы

✓ ОБ жүзеге асыруда белгілі мөлшерде арнайы ұлттық және аймақтық сұранысқа байланысты пәндерге көңіл бөлу.

✓ ОБ және болашақ кәсіби дайындық (бакалавриат, специализация) немесе оқу аяқталғаннан кейін басталатын практикалық жұмыс арасындағы байланысты кеңейтіп нығайту.

✓ Ақтуалды ғылыми зерттеулерді оқу барысына толығырақ енгізу.

ССК критерийлері бойынша қорытындылар (күшті/ қанағаттанарлық/ болжайды жақсарту/ қанағаттанғысыз)

Жалпы берілген стандарт бойынша мекеме қызметі Стандарт критерийлеріне сай.

Ұйымның Стандарт критерийлеріне сәйкестігін көрсететін сандық көрсеткіштер мынадай:

Күшті – 18, қанағаттанарлық – 2, жақсарту керек – 0, қанағаттанғысыз - 0

6.4. Стандарт «Оқытушылар»

Дәлелдеу бөлігі

Оқу бағдарламасы жоғарғы білімі бар білікті кәсіби педагогикалық құрамы арқылы жүзеге асырылады. Оқытушылар пәннің профиліне сай болады және өз біліктіліктерін публикация, біліктілеу курстарына, конференцияларға, мастер-класстарға, семинарларға, коучингтарға қатысу арқылы арттырады. Оқытушылар тәжірибелі, технологияларды жетік меңгерген, оқи барысын саналы түрде оқушылардың қызметіне байланысты құрастырады. Өзін-өзі оқыту арқылы оқытушылар потенциалдарын өсіреді.

Кадрларды қамту мақсатында колледж үнемі әдістемелік және ғылыми қолдау көрсете отырып материалдық стимулдарды қолдана отырып білікті ПС ұстап отырады. Колледжде білікті кадр педагогтар жас педагогтардың ЦМК, УМО және Жас педагог мектебі аясында заманауи технологияларды енгізу, профильді медициналық білімді оқу барысында интегралдау арқылы үлгі бола отырып жас мамандардың мақсаттарына жетуіне әдістемелік көмек көрсетеді.

Колледжде педагогтардың біліктілігін жоғарылатуға ерекше назар беріледі. Жыл сайын оқытушылар біліктілікті арттыру курстарына қатысады. Біліктілікті арттыру оқытушылардың жұмыстан бөлек немесе жұмыстан бөлінбей жүзеге асырылады. 2015-2016 оқу жылы 70 мұғалім біліктілікті арттыру курстарын тәмәмдағаны туралы документ көрсеткен. 2016-2017 оқу жылы, 36 мұғалім біліктілікті арттыру курстарын тәмәмдағаны туралы құжат көрсеткен. 2017-2018 оқу жылы, 49 мұғалім біліктілікті арттыру курстарын тәмәмдағаны туралы құжат көрсеткен.

Колледждің оқытушы құрамы кәсіби құзыреттілікті, шығармашылық ойды және заманауи тәсілдерді қалалық және республикалық семинарларға, ғылыми-әдістемелік конференцияларға және публикация жасау арқылы дәлелдейді.

ССК сапары барысында өткізілген оқытушылар сауалнамасы көрсеткендей:

Колледж қамтамасыз етеді:

- Инновациялық қайраткерлікті мадақтау жүйесі **100 % қанағаттандырылды;**

- оқытушыларға арналған кітапханадағы қажетті ғылыми және оқу әдебиеті **100% қанағаттандырылды;**

- өз инновациясын қолданатын педагогикалық ұжым - **100% қанағаттандырылды;**

- үзусіз потенциалды жетілдіру мүмкіндігі - **100% қанағаттандырылды;**

- жас мамандарды жұмысқа тарту және ынталандыру - **100% қанағаттандырылды;**

- біліктілік арттыру жұмыстары - **100% қанағаттандырылды.**

- мұғалімдік пен практиканы қоса алып жүруді бағалау - **100% қанағаттандырылды.**

Аналитикалық бөлігі

Штатты мұғалімдердің және денсаулық сақтаудағы қосымша істеуші мұғалімдердің катынасы жоғары деңгейде, оқу бағдарламасын жүргізуге және білімгерлердің күтілген көрсеткіштерге жетуге жетерлік.

Ұжымдағы әр мұғалім кәсіби дамуда бірдей мүмкіндікке ие. Бұл мүмкіндік оқытушының тәжірибесіне, білім беру тіліне, жасына және біліктілік категориясына қарамастан беріледі.

Күшті жақтары/үздік тәжірибесі

✓ Медициналық колледжде педагогикалық ұжымның біліктілігін арттыру, кәсіби және жеке дамуын жүйесі бар.

✓ Колледж әкімшілігі белсенді түрде кітапхана қорын электронды кітаптармен нығайтып отырады.

✓ Педагогикалық ұжым инновациялық, ақпаратты-коммуникациялық технологияларды оқу барысында қолданады.

✓ Мекеменің кадр таңдау жүйесі оқу бағдарламасының мұқтаждығын талдау арқылы жүзеге асырылады. Кадрларды таңдау және орналастыру қалыптасқан процедуралар негізінде жасалып, үміткердің жеке кәсіби сапалары есепке алынады.

✓ Оқытушыларды пәндер бойынша орналастыру олардың біліктілігіне және тәжірибесіне орай жүргізіледі. Барлық кадрлық процедуралары ашық.

✓ Колледж жас педагогтарды дамыту үшін нақты жұмыстар жүргізеді. («Жас педагог мектебі»);

✓ Педагогикалық ұжым кәсіби қоғамдастық өміріне белсенді түрде қатысады.

ССК ұсынысы:

